

Вьетнам Социалистік Республикасында өсірілетін және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін ұзын дәнді күріштің жекелеген түрлеріне қатысты 2024 жылға арналған тарифтік квотаның көлемдерін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 22 тамыздағы № 122 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 45-бабына, 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 2-тарауына және Келісімге № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Вьетнам Социалистік Республикасында өсірілетін және Келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) аумағына әкелінетін ұзын дәнді күріштің жекелеген түрлеріне қатысты 2024 жылға арналған тарифтік квотаның көлемі (бұдан әрі тиісінше – ұзын дәнді күріш, тарифтік квота) белгіленсін.

2. Тарифтік квота ұзын дәнді күріштің кедендік рәсіммен орналастырылатын ішкі тұтыну үшін шығарылуына қатысты қолданылады деп белгіленсін.

3. Мүше мемлекеттер:

осы Шешімнің 1-тармағында белгіленген тарифтік квотаның көлемдерін сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында өз заңнамасына сәйкес бөлуді жүзеге асырсын; атқарушы биліктің уәкілетті органдарына ұзын дәнді күріштің импортына лицензиялар беруді жүзеге асыруды тапсырсын.

4. Мүше мемлекеттерден:

осы Шешімге мүше мемлекеттер арасында тарифтік квоталар көлемін белгілеудің таңдалмаған бөлігін бөлу бөлігінде өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды қажет болуына қарай 2024 жылғы 1 маусымнан кешіктірмей Еуразиялық экономикалық комиссияның қарауына ұсыну;

Еуразиялық экономикалық комиссияны осы Шешімнің 1-тармағымен белгіленген таңдалған бөлік туралы 2024 жылдың бірінші жарты жылдығының нәтижелері бойынша, сондай-ақ 2024 жылдың аяғына дейін тарифтік квотаның белгіленген көлемдерін таңдау жөніндегі болжамдар туралы хабардар ету сұралсын.

5. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Вьетнам Социалистік Республикасында өсірілетін және 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін ұзын дәнді күріштің жекелеген түрлеріне қатысты 2024 жылға арналған тарифтік квотаның КӨЛЕМДЕРІ

Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Тарифтік квота көлемі (тонна)				
		Армения Республикасы	Беларусь Республикасы	Қазақстан Республикасы	Қырғыз Республикасы	Ресей Федерациясы
Ұзындығының еніне қатысы 3-ке тең немесе одан астам толығымен қауызданған буланған ұзын дәнді күріш	1006 30 670 1	250	2462	0	0	7288
Ұзындығының еніне қатысы 3-ке тең немесе одан астам толығымен қауызданған өзге де ұзын дәнді күріш	1006 30 980 1					